ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 желтоқсан №4360-24-00-2/3166 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Kuntu construction company» атауымен әрекет етуші Марат Диас Маратұлы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Kuntu construction company» атауымен әрекет етуші Марат Диас Маратұлы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Kuntu construction company» атауымен әрекет етуші Марат Диас Маратұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Kuntu construction company» атауымен әрекет етуші Марат Диас Маратұлы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 18.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2025, судья Бержанов К. М., 30.01.2025

құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматттық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 18.12.2024

Сот өндірісі
Судопроизводство